URKER-2024 ұлттық бәйгесі
салтанатты кештің
СЦЕНАРИЙІ

Өтетін орны: Астана қаласы, Қонаев көшесі 4, Қазмедиа орталығының киноконцерт залы.
Уақыты: 27 қыркүйек 2024 жыл
Қонақтардың жиналуы (Қызыл кілем) – 16:00
Басталуы (Ресми бөлім) – 17:00
Қызыл кілемнің жүргізушілері:
Ресми бөлімнің жүргізушілері: Ғалымжан Кеңшілік, Лунара Есен

№	Уақыты	Іс-әрекет/ Мәтін	Қатысушылар
1	17:00-17:04	**Музыкалық номер – 1** ***«Бірлік» би ансамблі*** ***«Күй шашу» биі***	«Бірлік» би ансамблі
2	17:04-17:06 **АМАН ДАСУ**	**ҒАЛЫМЖАН:** Кеш жарық, құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар! Қош келдіңіздер! **ЛУНАРА:** Добрый вечер, друзья! **ҒАЛЫМЖАН:** «Үркер» ұлттық бәйгесі биыл да өз биігінде. Сол биіктен жарқырайтын жұлдыздарды дәл қазір, осы сахнада таныстырамыз. Бұл – Үркердің үздіктерін марапаттайтын маңызды сәт. **ЛУНАРА:** Сегодняшний вечер это аллея славы для представителей всей медиаотрасли. **ҒАЛЫМЖАН:** Биылғы байқауға 400 өтінім түскен. Оның ішінен қазылар алқасы 12 номинацияның үздігін анықтады. Алғашқысы – «Жылдың үздік жаңалықтар порталы». **ЛУНАРА:** Биыл көктемде еліміз үшін үлкен сынақ болғанын білесіздер. Араға 80 жыл салып қайталанған су тасқынынан еліміздің кейбір аймағы зардап шекті. Осы уақытта оқиға орнынан сәт сайын жаңалық таратқан журналистердің де жұмысы оңай болған жоқ. **ҒАЛЫМЖАН:** Бұдан бөлек, биыл бүкіл әлем көз тіккен байрақты бәсекелерде де жеңісті сәттерімізді бірінші боп жеткізді. Атап айтқанда, Париждегі жазғы Олимпиада ойындары мен Астанада өткен 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарынан хабар таратқан жаңалықтар қызметінің рөлі зор.	Жүргізушілер

		ЛУНАРА: Сонымен, «Жылдың үздік жаңалықтар порталы» қай редакцияға бұйырады екен? Алдымен, үздік шыққан төрттікпен танысайық.	
3	17:06-17:09 **Номинация – 1** **«Жылдың үздік жаңалықтар порталы»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ҒАЛЫМЖАН:** Бүгінгі кештің беташар жүлдесін тапсыру үшін «Хабар» телеарнасының директоры Жайнагүл Төлемісті сахна төріне шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Жүргізушілер Марапаттаушы: **Ж.ТӨЛЕМІС** Жеңімпаз
	17:10-17:13	**ҒАЛЫМЖАН:** «Үркер» ұлттық бәйгесі Баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы сыйлық. Сондықтан осы залда отырға баспагерлерді «Қазақ әдебиеті» газетінің 90 жылдығымен құттықтаймыз! **ЛУНАРА:** «Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші саны 1934 жылдың 10 қаңтарында жарық көрген. Маңдайшасына «Қазақ әдебиеті» ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын!» деп жазылған басылым алғашқы жылдары Қазақстан жазушылар одағының органы ретінде жарық көріп тұрды. Алайда 1940 жылы газет шықпай қалды, тек араға 15 жыл салып, 1955 жылы қайтадан оқырманға жол тартты. **ҒАЛЫМЖАН:** Лунара, дәл осы тұста саған бір сұрақ қойғым келіп тұр. Неге журналистиканы «қоғамның айнасы» деп атайды? **ЛУНАРА:** Өйткені қоғамда болып жатқан барлық сала біздің назарда. Ең сенімді ақпарат көздерінен алынған жаңалықтың ғана жаны бар. **ҒАЛЫМЖАН:** Иә, сенің сөзіңнің де жаны бар. Олай болса, дәл қазір қоғам айнасына қалтқысыз қызмет етіп жүрген жүйріктер кім екен? Биылғы «Үркер» байқауының «Әлеуметтік тақырыптағы үздік материал» аталымында таразыға түскен төрттікпен танысайық.	

	17:13-17:14 **Номинация – 2 «Әлеуметтік тақырыптағы үздік материал»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ЛУНАРА:** Жеңімпаздың есімін жариялап, марапаттау үшін Қазақстан телеарнасның директоры Болат Мүрсәлімді сахнаға шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ* **ҒАЛЫМЖАН:** Жеңімпаздарға жүлде құтты болсын дейміз.	Жүргізушілер Марапаттаушы: **Б.Мұрсәлім** Жеңімпаз
		ҒАЛЫМЖАН: «Үркер» ұлттық байқауы жыл сайын Astana Media Week аясында ұйымдастырылып, дәстүрге сай апталықты қорытындылайды. Биыл сегізінші жыл өткізілген апталықта да өңірлік БАҚ-қа басымдық берілді. Сабақтастық үзілмесін! Және осы тұста кешіміздің бас демеушілеріміз «Хабар» агенттігі мен «Қазақстан» корпорациясына зор алғысымызды білдіргіміз келеді! **ЛУНАРА:** Биылғы шараға еліміздің әр өңірінен 500 – ге жуық делегат келді. Олардың қатарында өңірлік медианың басшылары, бас редакторлар, журналистер де бар. **ҒАЛЫМЖАН:** Олай болса, біздің ортамызда отырған өңірлік медиа өкілдеріне ризашылығымызды білдіреміз. Ендеше, «Үздік өңірлік БАҚ» аталымы бойынша үздіктермен танысайық.	Жүргізушілер
5	**Номинация – 3** **«Үздік өңірлік БАҚ»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ҒАЛЫМЖАН:** «Үздік өңірлік БАҚ» номинациясы бойынша Жас қазақ сайтының бас директоры Срайыл Смайыл, сізді құрметпен сахна төріне шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Жүргізушілер Марапаттаушы: **С.Смайыл** Жеңімпаз
	17:17-17:18	**ҒАЛЫМЖАН:** Бұқаралық ақпарат құралдары – билік пен бұқара арасындағы алтын көпір болса, сол салада тер төгіп, еліміздің толағай табыстары мен жетістіктерінің жаршысы боп жүрген журналистер нағыз еңбек адамы. **ЛУНАРА:** Действительно, Галымжан. Журналистика – это	Жүргізушілер

		отражение общества. Ведь любые изменения в обществе всегда находятся в поле нашего зрения. Мне кажется, что лучше всего о проблемах и радостях людей могут рассказать социальные новости! **ҒАЛЫМЖАН:** Олай болса, «Жылдың үздік журналистік зерттеуі» номинациясына үміркерлермен танысайық.	
9	17:18-17:21 **Номинация – 4** **«Жылдың үздік журналистік зерттеуі»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ЛУНАРА:** Ақпарат зерттеушісін марапаттау үшін Астана қаласының КТК бюросының директоры Александр Трухачевты құрметпен сахна төріне шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ* **ҒАЛЫМЖАН:** Жеңімпаздарға жүлде құтты болсын дейміз. Үркердің үздіктерінің құрметіне бүгін біз өнер жұлдыздарының да тек үздіктерін шақырдық. Ендеше қарсы алыңыздар, сіздер үшін қазақ эстрадасындағы ерекше дауыс иесі, әнші Маченский «Тау-тау адам» әнін шырқайды!	Жүргізушілер Марапаттаушы: А.Трухачев Жеңімпаз
10	17:21-17:25	**Музыкалық номер – 2** ***Machenskii «Tay-may adam»***	Machenskii
11	17:25-17:26	**ЛУНАРА:** Сейчас мир меняется каждый день и каждый час. В этих условиях медиа-пространство также претерпевает большие изменения. **ҒАЛЫМЖАН:** Дұрыс айтасың, бірақ медиада қанша түрленсе де, тамырыннан ажырамайтын, ерекше бір жанр бар. Түрлі тақырыптарды ортаға салып, мықты мамандардың, саладағы сарапшылардың көкейіндегісін тұтынушыға жеткізуде сұхбат жанрының маңызы зор. Сұхбат – журналистикадағы ең танымал және қиын жанр. **ЛУНАРА:** Үркердің қазылар алқасына да жылдың үздік сұхбатын анықтау оңай болмаған секілді. Өйткені, баспада болсын, радио мен интернет журналистикада болсын, сұхбат жанры кең тараған. Номинанттармен танысайық.	Жүргізушілер
12	17:26-17:29 **Номинация – 5** **«Үздік**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ҒАЛЫМЖАН:** Жеңімпаздың есімін жариялап, марапаттау үшін «Қазақстандық атом электр станциялары» акционерлік қоғамының бас директоры Жантикин Тимур Мифтахұлын ортаға шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Жүргізушілер Марапаттаушы: **Т.Жантикин**

	сұхбат»		Жеңімпаз
13	17:29-17:30	**ҒАЛЫМЖАН:** Лунара, келесі номинация сен үшін ерекше маңызға ие. Өйткені мен радиодан сен жүргізген бағдарламаларды тыңдағанмын. **ЛУНАРА:** Иә, Радио туралы айтсам, алдыма жан салмайтыным рас. Ендеше, көп созбай «Үркер» ұлттық бәйгесінің «Радиостанциядағы үздік жоба» аталымы бойынша жеңімпазын білейік. Ол үшін алдымен үздіктер тізіміне енген төрттікпен танысып алайық.	Жүргізуші лер
14	17:30-17:33 **Номинация – 6** **«Радиостанциядағы үздік жоба»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ҒАЛЫМЖАН:** «Радиостанциядағы үздік жоба» аталымының жеңімпазын марапаттау үшін Үркер ұлттық байқауы қазылар алқасының мүшесі, журналист Махаббат Есен ханымды сахна төріне шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Жүргізуші лер Марапаттаушы: **М.Есен** Жеңімпаз
15	17:33-17:35	**ЛУНАРА:** Биылғы жыл журналистер қауымы үшін ерекше жыл болды. «Масс-медиа туралы» заң қабылданды. 1999 жылғы «БАҚ туралы» заңға 40-тан астам өзгеріс енгізілді. Мемлекет басшысы да бұл құжатта Әділетті Қазақстанның ашықтық пен біліктілік, жауапкершілік пен заңдылық ұстанымдары нақты көрініс тапқанын айтқан. **ҒАЛЫМЖАН:** Иә, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Қазақстан құру жолында журналистердің де жауапкершілігі жоғары екенін үнемі тілге тиек етіп келеді. Биыл Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күніне орай Ақордада өткен салтанатты жиында: «Мемлекетте, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Біздің мақсат-мұратымыз – ортақ. Бұл – баршаға тең мүмкіндіктер беретін Әділетті Қазақстанды құру», деді. **ЛУНАРА:** Дәл осы жолда ел мүддесі үшін еңбек етіп жүрген журналистер де елеусіз қалып жатқан жоқ. Мемлекет басшысының атынан БАҚ қызметкерлеріне былтыр алпыстан аса пәтер берілді. *Осы тұста экранға пәтер сертификатын табыстау рәсімінде түсірілген фото шығады.*	Жүргізуші лер

		ҒАЛЫМЖАН: Міне, сол сәтте түсірілген фото. Қараңыздаршы, әріптестеріміздің жүзіндегі бақытты байқадыңыздар ма? Бірнеше адамның бақытын бір кадрға сыйғызған... **ЛУНАРА:** Керемет, ғажап! Мен сенің не айтпағыңды түсіндім. Ендеше, келесі аталымды хабарлайық. **ҒАЛЫМЖАН:** Тұтас бір оқиғаны суреттейтін, тақырыптың мазмұнын бір кадрмен-ақ түсіндіріп беретін – «Жылдың үздік фотосуреті».	
16	17:35-17:38 **Номинация – 7 «Жылдың үздік фотосуреті»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ЛУНАРА:** «Жылдың үздік фотосуреті» номинациясы бойынша жеңімпазды марапаттауға қазақ фотожурналистикасының белді өкілі, қазақстандық фототілшілер саласының ардагері Шүкір Шахай мырзаны ортаға шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Жүргізушілер Марапаттаушы: **Ш.Шахай** Жеңімпаз
17	17:38-17:39	**ҒАЛЫМЖАН:** «Үркер» ұлттық бәйгесіндегі ерекше аталымның бірі – Халықаралық БАҚ-та Қазақстан туралы жарияланған үздік материал. **ЛУНАРА:** Сонымен, «Халықаралық БАҚ-та Қазақстан туралы жарияланған үздік материал» аталымында сарапқа салынған жұмыстармен танысайық.	Жүргізушілер
18	17:39-17:42 **Номинация – 8** **«Халықаралық БАҚ-та Қазақстан туралы жарияланған үздік материал»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ҒАЛЫМЖАН:** Халықаралық БАҚ-та Қазақстан туралы жарияланған ең үздік материалды жариялап, жеңімпазды марапаттау үшін Мемлекетаралық «МИР» телерадиокомпаниясының Қазақстан Республикасындағы Ұлттық филиалының директоры Әжібаев Алан Ғазизұлын құрметпен сахна төріне шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ* **ЛУНАРА:** Ал қазір сахнаға ерекше музыкалық композицияны орындау үшін «Astana Musical» мемлекеттік мюзикал театрының ұжымын шақырамыз!	Жүргізушілер Марапаттаушы: **А.ӘЖІБАЕВ** Жеңімпаз

19	17:42-17:46	**Музыкалық номер – 3** ***«Astana Musical» мемлекеттік мюзикал театры «Керім-ау айдай» әнін жанды дауыста орындайды.***	«Astana Musical» мемлекеттік мюзикал театры
20	17:46-17:47	**ЛУНАРА:** «Үркер» ұлттық бәйгесіне соңғы жылдары қосылған заманауи аталымның бірі – «Үздік подкаст». **ҒАЛЫМЖАН:** Қазіргі таңда подкаст қарқынды дамып келе жатқан форматтың бірі. Бұл форматқа қызығушылар қатары да көбейіп келеді. Міне, сол шығармашыл жастарды қолдау мақсатында оларға осындай мүмкіндік берілген болатын. **ЛУНАРА:** Ендеше, үміткерлер арасынан үздік шыққан төрт подкастпен танысайық.	Жүргізушілер
21	17:47-17:50 **Номинация – 9** **«Үздік подкаст»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ЛУНАРА:** «Үздік подкаст» аталымының жеңімпазын жариялау үшін «НҰР Медиа» холдингінің бас дирекоторы Мәкен Бақтияр Мәкенұлын сахнаға шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Жүргізушілер Марапаттаушы: **Б.Мәкен** Жеңімпаз
22	17:50-17:51	**ҒАЛЫМЖАН:** Жаңа медианың мүмкіндіктерін ескере отырып, мүмкіндіктерге жол ашқан заманауи аталымдардың тағы бір түрі – «Үздік YouTube арнасы». **ЛУНАРА:** Бүгінде интернет-журналистика саласындағы ең танымал және табысты, бірақ қыруар еңбекті талап ететін платформа десек болады. **ҒАЛЫМЖАН:** Бұл аталымда үздік атанған үміткерлермен танысайық.	Жүргізушілер
23	17:51-17:54 **Номинация – 10** **«Үздік YouTub**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ҒАЛЫМЖАН:** Сонымен, «Үздік YouTube каналы» аталымының жеңімпазы кімге бұйырды екен? Жеңімпазды жариялап, марапаттау үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұқаев Дәулет Төлеутайұлын ортаға шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Жүргізушілер Марапаттаушы: **Д.МҰҚАЕВ** Жеңімпаз

	е каналы »		
24	17:54-17:55	**ҒАЛЫМЖАН:**Журналистің шығармашылық шеберханасынан бұқараның асыға күтетін тағы бір медиаөнімі – аналитикалық материал. Сараптаманың салмағы да жеңіл болмайтыны анық. **ЛУНАРА:** Дұрыс айтасың, әсіресе жалған ақпараттар жағаласып, «фейк ньюс», «фактчекинг» деген жаңа трендтер пайда болған қазіргі заманда аналитика жасаудың өзі оңай емес. **ҒАЛЫМЖАН:** Олай болса, биыл «Жылдың үздік аналитикалық материалы» номинациясында қандай жұмыстар сарапқа салынды екен? Қазылар алқасының таразысына тартылған төрттікпен таныс болыңыздар.	Жүргізуші лер
25	17:55-17:58 **Номинация – 11** **«Жылдың үздік аналитикалық материалы»**	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ЛУНАРА:** Жеңімпаздың есімін жариялап, марапаттау үшін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы орталық коммуникациялар қызметінің бас директоры Асқар Қуанышұлы Омаровты сахна төріне шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ* **ҒАЛЫМЖАН:** Жеңімпаздардың құрметіне, «Жүрек» әнімен жаһан жұртының жүрегін жаулаған АДАМ ән шырқайды. Қарсы алыңыздар!	Жүргізуші лер Марапаттаушы: **А.Омаров** Жеңімпаз
26	17:58-18:02	**Музыкалық номер – 4** ADAM – «Жүрек»	ADAM
27	18:02-18:03	**ҒАЛЫМЖАН:** Биылғы байқауға 400 өтінім түскен. Оның ішінен қазылар алқасы 12 аталымның үздігі мен 2 арнайы жүлденің иегерін анықтады. Сонымен дәл қазір биылғы «Үркер» ұлттық байқауының 12-ші лауреатын анықтаймыз. **ЛУНАРА:** Иә, «Журналистика» деген жауапты қызметтің жалында жүріп, бүгінгі байқауда «Жылдың үздік репортажы» аталымына үміткер атанған номинанттардың есімін білейік.	Жүргізуші лер
28	18:03-18:06	*ТӨРТ ҮМІТКЕР КӨРСЕТІЛЕДІ* **ҒАЛЫМЖАН:** Жеңімпаздың есімін жариялап, марапаттау	Жүргізуші лер

	Номинация – 12 «Жылдың үздік репортажы»	үшін Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Құрманбек Жұмағали мырзаны сахна төріне шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Марапаттаушы: **Қ.Жұмағали** Жеңімпаз
29	18:06-18:10 **Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған арнайы сыйлық**	**ҒАЛЫМЖАН:** Биыл балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл. Ақын, жазушы, журналист Бердібек Соқпақбаевтың қазақ әдебиеті мен журналистикасына сіңірген еңбегі орасан зор. Ол «Пионер», «Қазақстан пионерлері», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Балдырған» журналында қызмет етті. **ЛУНАРА:** Міне, бүгін «Үркер» ұлттық бәйгесі Ұлы тұлғаның есімін ұлықтап, Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған арнайы жүлде тағайындады. Арнайы жүлдені жеңімпазға табыстау үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбайды құрметпен сахна төріне шақырамыз. *МАРАПАТТАУ РӘСІМІ*	Жүргізушілер Марапаттаушы: **Б.Жексенбай** Жеңімпаз
30	18:10-18:15 **«Үркер-2024» ұлттық бәйгесінің арнайы сыйлығы**	**ЛУНАРА:** «Үркер» ұлттық бәйгесі БАҚ өкілдерінің үлкен бір мерекесіне айналды. Байқау 2017 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Біздің бас демеушілеріміз «Хабар» агенттігі мен «Қазақстан» корпорациясына алғысымызды білдіреміз! **ҒАЛЫМЖАН:** Мәдениет және ақпарат министрлігі өткізетін медиабайқауда осы уақытқа дейін жүзге жуық журналист пен шығармашылық ұжым марапатталыпты. Бүгін бұл тізім тағы 14 үркерлікпен толығады. **ЛУНАРА:** Себебі ұлттық бәйгенің жүлде қорына биыл ұйымдастырушылар бір емес, екі бірдей арнайы сыйлық тағайындады. **ҒАЛЫМЖАН:** Олай болса, он төртінші Үркерлікті анықтайық. Арнайы сыйлықты табыстау үшін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Балаева Аида Ғалымқызын құрметпен сахна төріне шақырамыз. МАРАПАТТАУ РӘСІМІ	Жүргізушілер Марапаттаушы: **А.БАЛАЕВА** Жеңімпаз

		ҒАЛЫМЖАН: Бүгінгі кештің барлық жеңімпаздарын құттықтаймыз және келесі ән шашуды қабыл алыңыздар! Сахнада қазақтың танымал әншісі Ардақ Балажанова – «Сыбызғы далам» әнімен.	
31	18:15-18:19	**Музыкалық номер – 5** Ардақ Балажанова – «Сыбызғы далам»	Ардақ Балажанова
32	18:19-18:20 **ҚОШТАСУ**	**ҒАЛЫМЖАН:** Құрметті әріптестер, қадірменді қонақтар! Міне, «Үркер» ұлттық бәйгесінің биылғы үздіктері де анықталды. Баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы үздіктердің атқарған еңбегі, шығармашылық ізденісі лайықты бағасын алды! **ЛУНАРА:** Үркердің үздіктері, жүлделеріңіз құтты болсын! Әрқашан еңбектеріңіз жемісті, табыстарыңыз берекелі болғай. Үркер жұлдызындай биікте жарқырай беріңіздер! **ҒАЛЫМЖАН:** Келесі Үркерде жақсы жаңалықтармен жолығайық!	Жүргізушілер